

ЩЕРБАКТИНСКИЙ РАЙОН

ТРИБУНА

Общественно-политическая газета
Основана 12 сентября 1931 года

Солнце: Восход 5.14
Заход 21.25
Долгота дня: 16.11

14

ИЮЛЯ
2011

№ 28 (8312)

Луна: Восход - 20.39
Заход - 4.04

Еліміздің ордасы - Астана

Қазақ елінің тәуелсіз ел болғанына 20 жыл толғанымен, біздің бұрынғы бабаларымыз ел мен жерді қасиетті атамекенді қорғауда, оны келешек ұрпағына аманат етіп қалдыру жолында небір қиын-қыстау кезеңдерді басынан кешірді. Тер төкті. Осы жолда жанын да берген кездері болды.

Алматы кеңес Империясының ыдырағанын көзімен көріп, енді өзінің астаналық көк аспанына тәуелсіз Қазақстанның көк байрағын желбіретті 1995-жылдың 30-тамызында осы Алматыда егеменді Қазақстан дамуының жаңа дәуірін бастаған ата заң қабылданды. Екі жылдан кейін ол өзінің әкімшілік орталығы ретінде ардақты міндетін еліміздің жаңа ордасы Астана қаласына табыс етті. Қазір біз Астананың жаңа дәуірдегі мемлекеттік, тарихи, жасампаздық тұлғасының тұғырлана түскеніне нақты күзгер болып отырмыз. Аспанмен астақан әсем ғимараттар мен тұңғығына сүйрей кететін биік мұнаралар көздің жауын алып өзіне баурай кететіні тағы бар. Елордамызды бас - аяғы 10 жыл ішінде бұрын - соңды қол жетпеген биікке көтере алған еліміздің басшысы елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы мен халық оған барша



Дидарында қаншама құпияның сыры тұнған ұлы даланың тарихына үңілер болсақ, еріксіз оймен тарихқа үңіліп кетеміз – ау. Қатпарлы тау, аңыраған оқшау төбелермен толқындап шексіздікке ұласқан алапат кеңістік және оның қойнауында өткен қилы замандар мен шежірелі дастандары бәрі – бәрі еліміздің тәуелсіздігін меңзеп, көздеген сырлар мен жанның дүниелері болды. Сол жарқын жан дүниеміздің көксемі де еліміздің барша әлемге паш етілуі болатын. Өркениет пен естеліктердің баршасы ежелгі қалалар мен астаналардың тарихынан сыр шертетін. Өрбір жердің қойнауынан табылып жатқан қалалардың орны ғасырлар бойындағы қалалардың бірінен соң бірі бой көтергендерін аңғартады. Байтақ даламыздың қалаларымен қоса өркендеуінде ежелгі көреген даналар мен ғұламаларымыз да көмкеріп, көрсетіп кетті емес пе?

Ежелгі көк орданың астанасы болған Сауран мен Сығанақ, Сарайшық сұнды қалалар мемлекетіміздің алғашқы орталықтары болатын.

«О, Сығанақ, Қақпаларыңның шаңын сүйіп жылар ем, Қайта тусам, Сығанақта туар ем». (Шамсуддин Сығанақи, XIII ғасыр) деп жырлады емес пе? Өмір үшін жанталасқан сол бір қилы заманда елдің ордасы ежелгі Созақ қаласында болатын. Тәуекел ханның тұсында Түркістан қым - қиғаш қылаңның

арасынан қайта қайтарылып, бір кездері елдің ордасы атанды.

XX- ғасыр қазақ мемлекеттігі тарихының жаңа белесі болды. Самодержавие құлады. Ресейдегі қорған қала – Орынбор саяси оқиғалардың орталығына айналды. Қазақстандық съездердің барлығы да осында өтті. Алаш партиясы ұйымдастырылып, Алашорда үкіметі құрылды. Қазақ маңдайына біткен даналарымыздың бірі - Сұлтанбек Қожанов астананы елдің ішіне қарай көшіру керектігін дәлелдеп берді. «Астана Қазақтың ұлттық мемлекеттігі», – екенін дәлелдеп көрсетіп кетті.

1925 жылы республиканың астанасы кейіннен Қызылорда атанған Ақмешіт қаласына орнықты. Бұл қаланы таңдаудың себебі қандай? Біріншіден, Ақмешіт қазақ даласының ортасында орналасқан, – деп дәлелдеді Қожанов, – екіншіден, Ташкент темір жолы Ақмешітті елдің барлық өлкелерімен байланыстырады. Оның үстіне қала Сырдарияның жағасында тұр. Бұл – ұлы дария бір кездері біздің мемлекеттігіміздің бесігі болып еді. Ғасырлар өте XIX ғасырда тарихтағы «Верный» алдыңғы аты «Алмалық» болған Алматы кеңес үкіметі кезінде 1921 жылы кеңестік Түркістан Автономиялық Республикасы атқару комитетінің шешімімен бұрынғы «Верный», «Алма - Ата» деген атқа ие болады. Алматы атауы 1994-ші жылы ғана өзінің ежелгі «Алматы» атты тарихи есіміне алады. 1986-жылғы желтоқсан оқиғасынан соң,

өлемнің назарын аударта білді. 1991 жылғы 17 желтоқсанда, тәуелсіздіктің бірінші күнінде, Елбасымыз: «Кең-байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қосып бірге өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдеріне де молынан жетеді. Не істесе те ақылмен істейік, арзан ұранға ермейік, ұшпа сезімге ерік бермейік» деген еді.

Өсіресе жастар салқынқандылықтан, үлкенді сыйлаудан, сөзге тоқтаудан айнымаса, қашанда достыққа адал болса, бауырмашыл, кеңпейіл болса, халықтың атына сөз келтіретін ұстамсыздық атаудың аулақ жүрсе деп тілейік. Осылайша Қазақстан тұрақтылық пен жасампаздыққа бастаған ізденіс жолын таңдады. Бүгінгі ұлттық идеяға нәр берген Астана демографиясы қазақыланды. Он жыл ішінде Елорда тұрғындары үш есе ұлғайған екен, қазақтардың үлесі 60 %-ға көтерілді, жаңа тұрғындар негізінен кәсіби білімі бар оқыған қазақтар екені де рас. Астананың қоныс аударуымен басталған республикаішілік миграция солтүстік өңірге, тіліне, жарнамасына, ономастикасына, оқу орындарына ұлттық шырай беруде, ұлттық идеяның әлеуметтік –интеллектуалдық әлеуетін нығайтуда. Астана – ұлттық тарихымыздың айбарлы мақтанышымыз. Ендеше, осы бақдәулет кемел ұлттық идеямен көмкеріліп, ұзағынан болғанын тілейік.

Мөлдір БАЙМАХАНБЕТОВА